

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жастар зейнетақы туралы неліктен қазірден бастап ойланулары керек?

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қолдауымен қаржы ұйымдары өткізіп жатқан жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған апталығына БЖЗҚ белсенді түрде қатысуда.

«Тұран» университетінде жүзден астам студент, магистрант, докторант пен оқытушыларға арналған «Қаржылық сауаттылық халықтың әл-ауқатын арттыру факторы ретінде» атты дәріс түріндегі басқосу өтті. Шараға «БЖЗҚ» АҚ басқа қаржы реттеушісі, ҚР Қаржы мониторингі агенттігі, «КМФ-Демеу» қоры және Бірінші Несие бюросының өкілдері қатысты. БЖЗҚ мамандары «Неліктен зейнетақы жөнінде қазірден бастап ойлану керек: бәрі де Қазақстанның зейнетақы жүйесі жайында» тақырыбында дәріс өткізді.

Кездесу барысында студенттер Қазақстанның зейнетақы жүйесінің қалай құрылғаны жөнінде мағлұмат алды. Елімізде мемлекеттік және жинақтаушы зейнетақыдан тұратын көп деңгейлі зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі жұмыс істейтіндігіне ерекше назар аударылды. Жинақтаушы құрамдауыштың мәні жылдан жылға артып келе жатқандықтан, дәріс барысында БЖЗҚ-дағы жинақтаушы жарналар – міндетті зейнетақы жарнасы (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарнасы (ЕЗЖ) егжей-тегжейлі аталып өтілді. Инвестициялық басқару және онлайн қызметтерді алу, сондай-ақ, болжамды зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны есептеу мүмкіндігі секілді тақырыптар да аудиторияның қызығушылығын тудырды.

- Студенттердің дәрісімізді бар ынта, зор ықыласпен тыңдағандары өте қуанарлық жәйт. Өздеріңге белгілі, қазір зейнеткерлер зейнетақыларының негізгі бөлігін мемлекеттік бюджеттен алса, бүгінгі студенттердің зейнетақысы ең алдымен өздеріне байланысты болады. Сондықтан жастарды зейнетақы жинағын жоспарлау дағдысына осы бастан үйрету маңызды, - деп атап өтті дәріс беруші, «БЖЗҚ» АҚ Алматы қаласындағы филиалының көшпелі қызмет көрсету бөлімінің жетекші маманы Талғат Қабанбаев.

Іс-шара екінші рет отбасылық «SOS Алматы балалар ауылында» өтті. Бұл жолы зейнетақы қаржылық сауаттылығынан тұңғыш сабақ алған жасөспірім оқушылар негізгі аудитория болды.

БЖЗҚ жас буын өкілдеріне қария шақты лайықты қарсы алуда өздерінің зейнетақы шотын тұрақты және толық көлемде толықтырып отырудың қаншалықты қажет екенін түсінулері үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, оның ішінде студенттермен кездесулерді әрі қарай да жалғастыра беретін болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).